

**Қазақстан Республикасының Конституциясы 98-бабының 1-тармағын және "Қазақстан Республикасының соттары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 20 қазандағы N 2582

Қазақстан Республикасының Конституциясы K951000\_ 98-бабының 1-тармағын жүзеге асыру мақсатында және "Қазақстан Республикасының соттары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының U952581\_ күшіне енуіне байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, облыстық, Алматы қалалық соттары оларға шаруашылық істер жөніндегі алқалар ретінде тиісінше Қазақстан Республикасының Жоғары Төрелік Сотын, облыстық Алматы қалалық төрелік соттарын қосу жолымен қайта құрылсын.

2. Мыналар таратылсын:

1) Қазақстан Республикасының Жоғары Төрелік Соты;

2) облыстық, Алматы қалалық төрелік соттары.

3. Таратылған Қазақстан Республикасының Жоғары Төрелік Сотының, облыстық, Алматы қалалық төрелік соттарының судьялары Қазақстан Республикасы судьяларының өкілеттіктерін сақтайды.

4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына:

1) Қазақстан Республикасы Жоғары Төрелік Сотының штат саны;

2) таратылған Қазақстан Республикасы Жоғары Төрелік Сотының мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне:

1) облыстық және Алматы қалалық төрелік соттарының штат саны;

2) таратылған облыстық және Алматы қалалық төрелік соттарының мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер берілсін.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Жоғары Төрелік Соты үшін 1995 жылға көзделген бюджет қаржысын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына;

2) облыстық және Алматы қалалық төрелік соттары үшін 1995 жылға көзделген бюджет қаржысын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне берсін.

7. Осы Жарлық күшіне енген күннен бастап екі апта мерзімде:

1) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының шаруашылық істер жөніндегі алқасының құрамын;

2) облыстық, Алматы қалалық соттары- облыстық, Алматы қалалық соттарының

шаруашылық істер жөніндегі алқаларының құрамын жасақтайтын болсын.

8. Осы Жарлық күшіне енген күннен бастап он күн мерзімде:

1) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Төрелік Сотының жүргізуіндегі істерді қабылдап алсын, сондай-ақ бұл істерді құрамы жасақталғаннан кейін дереу Жоғарғы Соттың шаруашылық істер жөніндегі алқасының жүргізуіне беретін болсын;

2) облыстық, Алматы қалалық соттарының төрағалары облыстық, Алматы қалалық төрелік соттарының жүргізуіндегі істерді қабылдап алсын, сондай-ақ бұл істерді құрамдары жасақталғаннан кейін дереу облыстық, Алматы қалалық соттарының шаруашылық істер жөніндегі алқаларының жүргізуіне беретін болсын;

3) Жоғарғы Соттың Төрағасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына Жоғарғы Сот алқалары төрағаларының қызметіне кандидатуралар бойынша ұсыныс енгізісін;

4) Жоғарғы Соттың Төрағасы Әділет министрімен бірлесіп,

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына облыстық, Алматы қалалық соттарының алқалары төрағаларының қызметіне кандидатуралар бойынша ұсыныстар енгізісін.

9. Осы Жарлық:

1) сот жүйесі туралы Қазақстан Республикасының конституциялық заңы қабылданғанға дейін қолданылады;

2) жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті